

Аяқталмаған мектеп құрылысы объектісін республикалық меншіктен Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 шілдедегі N 790 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының теңгеріміндегі Ақтөбе облысы, Қызылжар кенті мекен-жайы бойынша орналасқан аяқталмаған мектеп құрылысы объектісі республикалық меншіктен Ақтөбе облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Ақтөбе облысының әкімдігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген объектіні қабылдау-тапсыру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі